№25 (10015)
30 наурыз,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

«zhalagash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мезгіл мәселесі

Тасқын су толастар емес

Еліміздің су басқан кейбір ауылдары төтенше жағдайға мүлде дайын болмаған. Қауіп сәт санап күшейіп барады. Қорадағы мал суға кетіп, қазір тұрғын үйлер де су астында қалды. Елді мекендердегі қазіргі жағдай қалай? Бір ай бұрын шамадан тыс судың келері белгілі бола тұра алдын алу жұмыстары жүргізілмеген бе? Тарқатайық...

2

Сауал

Агробизнес саласын дамытуды ұсынды

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің сенаторлары 2022-2024 жылдар аралығында 50-ден аса депутаттық сауал дайындап, Үкімет басшысының атына жолдаған. Сенатор жолданған сауалдар ауылды дамыту, ауыл шаруашылығында суды тиімді пайдалану, өңірлердегі фермерлік шаруашылықтарды кеңейту, жайлы мектеп, бірыңғай ұлттық генетикалық банк құру, ауыл тұрғындарының қалаға көші-қон себептері, ауылдық жерлердегі жайылым мәселелерін көтергенін атап өтті. Алайда Жанболат Жөргенбаев депутаттық сауалдарға Үкімет тарапынан келген ресми жауаптар көңіл көншітпейтінін жасырмады.

– Іс жүзінде көптеген өршіл жобалар қағаз жүзінде ғана қалып, бірде-бір мемлекеттік бағдарлама межелеген индикаторларға қол жеткізілмеген жұмыстар туралы жазылады немесе «болады», «сұралды», «жоспарланып отыр» деген стандартты жауаптармен аяқталады. Ең сорақысы, теріс нәтиже үшін ешкім жауапқа тартылмайды, өйткені іс жүзінде көп нәрсе ниет декларациясының деңгейінде қалады. Мұны немқұрайдылық немесе сол жауапты жолдаған мемлекеттік қызметкердің, министрліктің немесе мемлекеттік органның жауапты азаматының кәсіби деңгейін көрсетеді деп ойлаймын, – деді сенатор.

Осы орайда депутат ауыл шаруашылығы мен агробизнестің дамуын көздейтін кешенді бағдарлама дайындау қажеттігін назарға алуды сұрады. Ол шикізат өндірісі салаларының дамуымен қатар, өндіруші өнеркәсіптің өсуін ынталандыру мақсатында республиканың экономикалық саясаты мен даму стратегиясын жедел қайта бағыттау қажет. Сонымен қатар экономиканы әртараптандыру жөнінде кәсіпкерліктің алатын орны төңірегінде тағы бір мәселе – ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесін қайта қарастыру керек.

– Шағын және орта бизнестің негізгі мәселесі – салықтан босату емес, Қазақстанда тиімді, әлеуетті сұраныстың жоқтығы. Сондықтан агробизнес ортасын жақсарту мәселесіне үлкен көңіл аудару қажеттігі туындап отыр, – деді Жанболат Жөргенбаев.

Сондай-ақ депутат Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің атына сауал жолдай отырып, осыған дейін сенаторлар ұсыныстарын тағы да еске салып, оларға назар аударуын өтінді.

Алтынай МҰРАТ,
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың 3 курс студенті

Жылына 25 тонна алтын заңсыз өндіріледі

Парламент Сенатының депутаты Андрей Лукин еліміздегі заңсыз алтын айналымы мәселесіне назар аударды. Палата отырысында ол 2020-2023 жылдары Қазақстанда алтынның заңсыз айналымына қатысты 7 қылмыстық іс тергеліп, оның 4-еуі сотқа жіберілгені туралы статистикалық мәліметтерді келтірді. Келтірілген шығын 1,5 миллиард теңгеден асады.

Сенатордың сөзінше, соңғы 4 жылда заңсыз айналымға, бағалы металдарды өндіруге және ұрлауға қатысты 133 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Мысал ретінде депутат заңсыз өндірілген алтын өнімдерін сатып алумен айналысқан қылмыстық топ мүшелері 2023 жылдың қарашасында қамауға алынғанын айтты.

Кейін жер асты цехтарында бұл алтыннан белгілі брендтердің атын жамылып, Астана мен Шымкент сауда үйлерінде сатылған өнімдер шығарылған. Тінту кезінде 1 келіден астам алтын мен 100-ден астам зат тәркіленген.

Ол мұндай заң бұзушылықтармен күресу үшін алтын кеніштеріндегі бақылауды күшейту керек деп санайды. Болжам бойынша заңды түрде өндірілген әрбір үш тонна алтынға бір тонна заңсыз өндірілген алтын қосылып отырады. Ел бойынша бұл – жылына шамамен 25 тонна заңсыз өндірілген алтын. Депутат бұл мәселені шешудің басты шарасы нысандардағы бақылауды күшейту деп есептейді. Бұл қосымша бейнебақылау камераларын орнату, шахтаны талшықты-оптикалық арналармен жабдықтау, тексеру жүйелерін пайдалану, автоматты анықтау сенсорларын енгізу және басқа да қауіпсіздік шараларын қамтиды. Еске салайық, бұған дейін Сауда және интеграция министрлігі ел азаматтары алтын сатып алу кезінде алданып жатқанын хабарлаған.

Нұрайым МЫРҚИЕВА,
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың 3 курс студенті

Егінжай – 2024

Күріштік 1300 гектарға қысқарған

Былтыр саланы оң нәтижемен қорытындылаған жалағаштықтар көктемгі дала жұмыстарын наурыздың алғашқы онкүндігінде-ақ бастап кетті. Аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің мәліметіне сүйенсек, биыл 36 565 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Жалпы ауданда 200-ге жуық шаруашылық егінмен айналысса, оның 150-ден астамы Сыр күрішін себеді.

Аяқ су тапшылығы жыл сайын шарауаның ширауына айтарлықтай қолбайлау болуда. Мәселе жыл сайын күрделенбесе, шешімін тапқан емес. Ал жаңадан құрылған министрлік тек «суды үнемдеу керек» дегеннен әрі аса алмай отыр. Осы ретте су тапшылығын ескере отырып, ауданда күріш дақылының көлемі өткен жылдан 1300 гектарға қысқарып отыр. Есесіне суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық берілген. Мәселен, өткен жылмен салыстырғанда бидай 149 гектарға, қант құмайы 20 гектарға, мақсары 10 гектарға, жоңышқа дақылдарының көлемі 625 гектарға артады.

Ауданда ақегіс жұмыстары 10 наурызда басталды. Қазіргі таңда жоспарланған 530 гектар мақсарының 230 гектары, 4850 гектар жаңа жоңышқаның 2035 гектары, 770 гектар жаздық бидайдың 470 гектары орналастырылды. Мұнан бөлек 129 гектар күздік бидай күтімге алынған.

Жергілікті шаруашылықтар тарапынан биыл егін орналастыруға қажетті 4 625 тонна күріш, 154 тонна бидай, 0,6 тонна сұлы, 13 тонна мақсары, 8 тонна арпа, 4 тонна соя, 18 тонна жүгері, 48 тонна жоңышқа тұқымын дайындалуда. Қазірдің өзінде биылғы егіске қажетті 4 625 тонна күріш тұқымының 4100 тоннасы дайын.

Мұнан бөлек шаруашылықтар тарапынан егінді күтіп баптауға қажетті 10 400 тонна минералдық тыңайтқыш, 22 мың литр гербицид дайындау жоспарланған. Бүгінде 7029 тонна минералдық тыңайтқыш және 1 950 литр гербицид жеткізілген.

Шаруашылықтар техникалық базасын нығайтуға әлі де басымдық беріп отыр. Биылдың өзінде жалпы құны 207 млн теңгеге 2 ауыл шаруашылығы алынған. Ал көктемгі егісті орналастыру жұмыстарына 955 ауыл шаруашылығы техникасы қатысады. Оның ішінде 520 трактор, 115 соқа, 52 тұқым сепкіш, 100 автомашина, 168 трактор тіркемесі бар. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы техникалары егін орналастыру жұмыстарына сақадай сай десе де болады.

Шаруашылықтар тарапынан көктемгі егін орналастыру жұмыстарына «Гос-Агро» порталы арқылы 1 685 тонна жеңілдетілген дизель жанармайына өтінім берілген. Қазіргі таңда 12 шаруашылық 245 тонна дизель жанармайын алып, егін орналастыру жұмыстарына кірісіп кетті. Дизель жанармайының 1 литрі 248 теңгеден жеткізілуде.

Биыл су алу маусымы кезеңінде су тапшылығын болдырмау үшін ауданда егістік алқаптарын сумен қамтамасыз етудің іс-шаралар жоспары әзірленген. Су тапшылығының алдын алу мақсатында инженерлік жүйедегі егістік жерлерде дақылдарды кезектестіру кестесін қатаң сақтау, ауыспалы егіс жүйесіндегі және биік жерлерге күріш дақылын орналастыруға тыйым салу, қашыртқылардағы суды қайта пайдалану үшін су айдайтын насос қондырғыларын орнатуды ұйымдастыру, ішкі шаруашылық су жолдарын механикалық тазалау және су құрылыс нысандарын уақытылы жөндеу, егіс алқаптарында су тапшылығы орын алған жағдайда пайдаланатын насос қондырғыларын дайындау қажет. Бұл жайында шаруашылықтарға алдын ала ескертілген. Былтыр орын алған олқылықтарға көз жүгіртсек, кейбір шаруашылықтардың бұл талаптарды сақтамағанын аңғару қиын емес. Мәселен, өткен жылы ауданда 1 346 гектар күріш артық егілген. Осы ретте ауыспалы егіс тәртібін өрескел бұзған 16 шаруашылық анықталып, заңға сәйкес тиісті шаралар қабылдау үшін Қызылорда облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне жолданған.

Биыл егінді күтіп баптауда 32 су тартқыш насос қондырғысын пайдалану жоспарланып отыр. Оның ішінде 13 насос «Казсушар» өндірістік учаскесі тарапынан шаруашылықтарға берілсе, 19 насос шаруашылықтардың өз қаржысына алынған. Насос қондырғыларын қалпына келтіру жұмыстары әлі де жалғасын табуда.

Себілген дәнге су толық баруы үшін жердің тегістігі маңызды рөл атқарады. Бұл бір жағынан өнімнің шығымына да айтарлықтай оң әсер етері анық. Биыл 20 мың гектар инженерлік әзірленген жерлерде лазерлік тегістеу жұмыстары атқарылған. Мамандар оның суды үнемдеуде де үлесі басым екенін айтады.

Ауданда тұрғындар тарапынан картоп, бақша дақылдарын орналастыруға жер қандырғыдар жұмыстары біз ізге түсті. Бүгінде аймақ басшысының бұл бастамасы халықтың бақша өнімдерін өздері егуіне қолғабыс болып отыр. Осы ретте айта кетейік, шаруашылықтар тарапынан жер аршылады, қоршалып, аяқ су жеткізіледі. Ал халық тек салған бақшасының күтіміне жауапты. Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі биыл да осы бағытта жұмыстары жалғасатынын айтады. Яғни 500 гектар жаңадан жер дайындалып, оның 235 гектарына картоп, 192 гектарына басқа да бақша дақылдары, 73 гектарына көкөніс орналастырылады. Қазіргі таңда 610 тұрғын картоп, көкөніс, бақша дақылдарын орналастыруға өтінім білдірген. Мұнан бөлек Мақпалкөл ауылдық округіндегі «Ер-Әлі» шаруа қожалығы 10 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен картоп, бақша дақылдарын орналастыруды жоспарлап отыр. Бұл жұмыстарды аталған шаруашылық дәстүрге айналдырған. Оның да ел игілігін көріп отыр десе де болады. Себебі төраға Әліби Бекжанов күзде жиналған бақша өнімдерін жалағаштықтарға арзан бағада ұсынуда.

Былтыр аудандағы 172 шаруашылық «Жалағашсушар» өндірістік учаскесімен 474,9 млн теңгеге су жеткізу қызметіне келісім-шартқа отырған. Бүгінде оның 427,6 млн теңгесі төленген. Шаруашылықтардың пайдаланған су жеткізу қызметіне әлі де берешек қарызы 47,3 млн теңгені құрайды. Қазіргі таңда қалған берешек қарыздар сот арқылы өндірілуде.

Айта кетейік, былтыр ауданда 37079 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылған. Былтыр да егін орналастыру, күтіп баптау жұмыстарында су тапшылығы орын алған. Егінді сумен қамтамасыз ету үшін аудан шаруашылықтары 45 сутартқыш насос пайдаланған болатын.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Тасқын су толастар емес

Бір ай бұрын Төтенше жағдайлар министрлігінің болжамы бойынша еліміздің он өңірінде су басу қауіпі анықталған. Оның ішінде Алматы, Шығыс Қазақстан, Түркістан және Жетісу облыстарына тау суының ағыны қауіп төндірген. Ал Батыс Қазақстан, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Павлодар және Қостанай облыстарының кей аумақтарын еріген қар суы басуы ықтимал екені алдын ала хабарланды. Бірақ 6 облыс бойынша дайындық қанша жүргізілгенмен осындай жағдай жылда қайталанады. Яғни аталған өңірлерге жыл сайын қауіп төніп, су басып жатады.

– Ең басты себеп өңірлердегі алдын алу жұмыстары тиянақты жүргізілмегеннен. Яғни кей жерлерде қар уақытылы шығарылмаған, арықтар мен каналдардың болмауы немесе уақытылы тазаланбауы әсер етеді. Негізі алдын алу шаралары өңірдің бағдарламалық жоспарларына енгізілген. Оған әкімдіктер тікелей қаражат бөліп, алдын алу жұмыстары жүргізілу қажет. Сонымен қатар ауа райының қолайсыздығы да басты назарда болуы керек. Жаңбырдың шамадан тыс көп жаууы мен қардың еруі де басты себеп, – дейді ТЖМ Төтенше жағдайларды жою департаменті бастығының орынбасары Жомарт Асқаров.

Қояндылықтар далада қонды

Қоянды ауылының 50-ге жуық тұрғыны ауыл әкімдігі жанындағы жолды жауып тастады. Жергілікті тұрғындар су тасқынына қарсы іс-шаралар мәселелеріне назар аудару мақсатында жиналған. Көктем келсе болды, халықтың әбден берекесі қашатын көрінеді. Себебі аядай ауыл жылда қарғын судың құрсауында қалып қояды. Биыл да сол жағдай қайталаныпты.

Халық талабын айтқанымен, тасқынға ешкім тосқауыл бола алмады. Ауылда бір түннің ішінде бірнеше үйді су басып қалған. Тұрғындардың алды баспанасын тастап, далада қонған. Іштегі техника істен шығып, пәтердегі жиһаз түгел суға малынған. Халық «жағдайымызды көре тұра әкімнен бір қайыр болмады» деп қапалы.

Аяқтарында резіңке етік, қолдарында күрек. Үйге су кірмесін деген ауыл тұрғындары тазалауға өздері білек сыбына кірісіп кеткен. Тасқын басталғалы жауаптылардан ешқандай көмек болмаған көрінеді. Ауылдағылар әкімді де, әкімдік өкілдерін де көрмеген. Шырылдап көмек сұраған көптің мәселесінен әкім хабардармын дейді. Бірақ шарасыз екенін айтып, ағынан жарылды. Оның айтуынша, тасқынға қарсы күреске бөлінетін қаржы жетпейтін көрінеді. Жылда техника сұрап, құрылғыларға өтініш берсек те, жарымай келеміз деп ақталды.

– Қыс мезгілінде тазалап, қар шығару үшін аудандық мәслихаттың әкімшілікке беріп отырған ақшасы жеткіліксіз. Соған байланысты жылда өтініш береміз. Былтырмен салыстырғанда биыл сәл көбірек 6 ақпанда берілді, қазір жұмыс істеп жатырмыз, – деді Қоянды ауылының әкімі Бахытхан Солтанбай.

Қояндыдағы апатқа байланысты ауылда арнайы штаб құрылған. Ауыл көшелерінен 150 мың текше метрге жуық қар шығарылды. 10 инженерлік және арнайы техника жұмылдырылған. 9,5 мың метр арық пен каналдар, 46 су өткізгіш құбырлары тазартылды. 35 мың текше метрден астам еріген су шығарылған. Су басқан үйлердің шығынын кім өтеп беретіні әзірге белгісіз. Төтеншеліктер келер апта тағы тасқын болу қаупі басым екенін алға тартты.

Қостанайда 150 адам құтқарылды

Қостанай облысының Жанкелдин ауданында жергілікті маңыздағы екі жол учаскесін су басты. Торғай-Ақшығанақ бағытындағы және Шұбалаң ауылынан Қарасуға баратын жолдың бірнеше жерін су жырып кеткен. Осы орайда ауылдарға қатынас үзілгені туралы ақпарат тараған еді. Алайда Жангелдин ауданы әкімінің орынбасары оны жоққа шығарды. Айтуынша, судың жол үстімен өтіп жатқаны рас, бірақ көлік қатынасы үзілмеген.

ТЖМ Республикалық жедел штабының үйлестіруімен Жаңақала, Екіді, Аққысы, Қызылжұлдыз ауылдарында және Қостанай облысының 9 қыстағында тұрғындарды эвакуациялау бойынша құтқару операциясы жүргізілді. Аталған шара Қорғаныс министрлігінің Әуе кемелерінің көмегімен жүзеге асырылған. Осылайша 150-ден астам жергілікті азамат құтқарылған. Олардың 63-і – кәмелет жасқа толмағандар. Тікұшақтардағы адамдар Арқалық қаласының эвакуациялық пункттеріне жеткізілген.

Көрші өңірден көмекке келді

Қазір Ақтөбе аймағындағы Шұбарқұдық кентінде қауіп сейілмей тұр. Қырдан аққан қызыл су үйлерді басып жатыр. Елді мекенге таяу Мұқантауы қырындағы қар еріп, Шұбарқұдық кентіне жайылған. Отыз үйдің ауласын су басып, бес үйге кірген. Бірақ тұрғындар көшірілді. Құтқарушылар қауіп әлі сейілмегенін айтады. Көмекке көрші Маңғыстаудан Төтенше жағдай департаментінің 52 адамнан құрылған жасағы келген. Одан бөлек Ақтөбедегі әскери бөлімнің қызметкерлері де осында.

– Бір апта ішінде қалпына келтіріледі деп күтілуде. Су деңгейі төмендесе, тиісті техника мен иннертті материал дайын тұр. Жалпы биыл 17 жоба жасалды, – дейді Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров.

Аймақтағы ахуал қалай?

Мамандар ауа райының өзгеруінен біздің аймақтың да кейбір ауылдарын қызыл су қармауы мүмкін екенін айтады. Әкімдіктер қазірден бастап эвакуациялық бекеттерді дайындап қойған. Сырдарияға жақын орналасқан Шиелі ауданына қарасты Қарғалы мен Таштоп елді мекендерінің тұсында мұз жиналған. Одан бөлек Төменарық ауылында да су тасқыны болуы мүмкін. Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері қазір қауіпті аумақтарды күндіз-түні бақылауға алғанын айтады. Тікұшақпен барлау жұмыстары да жүргізіліп жатыр. Табиғи апаттың алдын алу шараларына бюджеттен 14 миллион теңге бөлінген.

– Қажет болған жағдайда тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру үшін 59 жинақтау және 69 қабылдау эвакуациялық пункті дайын. Күн сайын біздің қызметкерлер мен жергілікті атқарушы органдардың өкілдері Сырдария өзені бойындағы арналарды аралап, мониторинг жүргізеді. Қазіргі уақытта жағдай ерекше бақылауда, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Руслан Қайрақбаев.

Жалпы елдегі ахуал осындай. Мәселені білу барысында мамандарың жауапкершілікті әкімшілікке, әкімшілік бөлінген бөджеттің аздығына әкеліп тірегенін аңғардық. Деректерге сүйенсек, аталған облыстарды 3 жыл қатарынан қызыл су қармаған.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Бәрекелді!

1 млрд теңгенің жобасы жүзеге аспақ

Үкімет басшысы осыған дейінгі кеңестерде өңірлерге инвесторлар тартудың маңыздылығын ерекше атап өтіп, жергілікті әкімдерге осы бағытта жұмысты қарқынды жүргізуді міндеттеген. Қазіргі таңда біздің аймақ еліміз бойынша инвестиция тартуда алдыңғы қатарда. Жалағашта да осы бағытта жұмыстар жанданып, кәсіпкерлік саласында серпін қалыптасуда.

Осыған дейін ауданда күн электр станциясы іске қосылған. Кәсіпорын жергілікті салыққа жылына 100 млн теңгеден астам қаржы құяды. Бұл тек өңір қазынасын еселеудің тиімді тетігі емес, бір жағынан екі қолға бір күрек таппай жүрген азаматтардың да жұмысқа орналасуына қолғабыс болып отыр.

Күні кеше аудан әкімі Ардақ Ибраимов голландиялық инвестор Сулейман Каракаямен кездесті. Онда Жалағаш ауданынан қамыс орумен айналысатын кәсіпорын ашу мәселесі талқыланды.

Нәтижесінде аудан бойынша 1 млрд теңгеге қамыс сатып алуға келісім жасалды. Жоба аясында 120 адамды жұмыспен қамту жоспарлануда.

Нұрай МЫРҚИЕВА,
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың
3 крус студенті

Жемқорлыққа жол берілмесе игі

Күні кеше облыс әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның отырысы өтті. Күн тәртібінде түрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы, ауыл шаруашылығы жерлерін бөлу және осы саланы субсидиялау барысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу шаралары қаралды.

Мұнан бөлек облыстың спорт саласында жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау нәтижелері, құрылыс мерзімі ұзаққа созылған нысандардың қазіргі жағдайы және проблемалық ғимараттардың санын қысқарту бойынша атқарылған жұмыстар туралы мәселелер қаралды. Жиында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының орындалу барысы талқыланып, қоғам дертіне жол бермеу жөнінде тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Комиссия отырысында аудан әкімі Ардақ Ибраимов барлық мекеме басшыларына қызметкерлер мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру, адалдықты және әділдікті, халыққа және мемлекетке адал қызмет етуді қалыптастыруда нақты шаралар қабылдауды тапсырды. Сонымен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында белгіленген іс-шаралар жоспарында берілген тапсырмалардың сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз етуді, халыққа қолайлы жағдай жасау үшін барлық мекеме ғимараттарында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының тұрақты жұмыс жасауын ұйымдастыруды, жеке және заңды тұлғаларға арнап жиі қабылдау өткізу жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Алтынай МҰРАТ,
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың
3 крус студенті

Сессия

206 жоба қаржыландырылған

Былтыр оқу жылында 356 түлек мектеп бітірсе, оның 329-ы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Білім беру гранты конкурсына қатысқан 302 талапкердің 260-ы мемлекеттік грант жеңіп алды. Бұл көрсеткіш бойынша аудан облыста екінші орында. Талапкерлердің 113-і педагогикалық бағыттағы мамандықтарға басымдық берген. Оқу жылының қорытындысымен 17 түлек «Алтын белгі» иеленді. Аудандық мәслихаттың сессиясында білім бөілімінің басшысы Талғат Құрақбайұлы осылай деді. Спикер мұнан бөлек білім берудің әрбір деңгейі бойынша атқарылып жатқан жұмыстар мен проблемалық мәселелерге тоқталды.

Бүгінде ауданда 62 білім беру ұйымы жұмыс жасайды. Яғни 20 мектеп, 3 қосымша, 37 мектепке дейінгі білім беру ұйымы, педагогикалық-медициналық, психологиялық консультация және педагогикалық-психологиялық түзету кабинеті балалар мен жасөспірімдерге қызмет көрсетуде. Аудандағы 20 мектептің 19-ы қазақ тілінде, 1-еуі орыс тілінде жұмыс жасайды.

– Былтыр оқу жылында мектепті 356 түлек аяқтап, оның 329-ы ҰБТ-ға қатысты. Білім беру гранты конкурсына қатысқан 302 талапкердің 260-ы мемлекеттік грант иегері атанды. Бұл көрсеткіш бойынша ауданымыз облыста II орынға тұрақтады. Бітіруші талапкерлердің 113-і педагогикалық бағыттағы мамандықтарға басымдық берген. Оқу жылының қорытындысымен 17 түлек «Алтын белгі» иеленді, – деді Талғат Садықов.

Жалпы пәндер бойынша республикалық олимпиадаға аудандық кезеңге 387 оқушы қатысып, 122-сі жүлделі орындардан көрінген. Облыстық кезеңге 32 оқушы қатысып, 16 оқушы жүлделі орындар иеленген, республикалық кезеңде ауданнан 2 оқушы бақ сынаған. Сонымен қатар өткен жылы құрылған «Сыр дарыны» білімділер академиясы аясында 8-9 сыныптардан 138 оқушы «Қамбаш» облыстық лагерь базасында дайындық бойынша оқыту курстарынан өткізілген. «Мың бала» олимпиадасына 2022-2023 жылы 58 оқушы қатысып, 16 жеңімпаз атанып, мамандандырылған мектептерде оқуын жалғастыруға мүмкіндік алған. Аудан мектептеріндегі 8-9 сынып оқушылары арасында «Iganat» олимпиадасының қорытындысымен Республикалық кезеңге 4 оқушы жолдама алып, дәстүрлі түрде өткізілетін президенттік олимпиадамен ғылыми жобаларға облыстық деңгейде былтыр оқу жылында 82 оқушы қатысып, 38-і жүлделі орын иеленген. Ал республикалық кезеңге 11 оқушы қатысып, 8-і білім бәйгесінде жеңіс тұғырынан көрінген. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қорытындысымен 2022-2023 оқу жылында «Ең үздік 100 мектеп» қатарына Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейі енген.

Былтыр ПМПК қорытындысымен ауданда 343 ерекше білім беруді қажет ететін балалар анықталған. Оның ішінде 169 бала мектепте, 22 бала арнайы психикалық дамуы тежелген сыныпта, 54 бала үйден оқытылуда, 60 бала балабақшада, 43 бала психологиялық-педагогикалық түзету, 45 бала ресурстық орталықта, 30 бала логопедиялық пункте түзету сабақтарын алуда.

Айта кетейік, соңғы уақытта облыс, республика көлемінде кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылық, топтық төбелес, қыз балалар арасында әлімжеттік, буллинг, кибербуллинг, электронды темекі шегудің белең алуына байланысты тәрбие жұмыстары күшейтілді.

Әйтсе де бұл оң нәтиже бермей тұр. Себебі 2022-2023 оқу жылында 1 қылмыс (ұрлық) бойынша 2 мектеп оқушысы полиция бөлімінің профилактикалық бақылауына алынды. Облыс әкімінің тікелей тапсырмасына сәйкес аудан әкімдігі жанынан жұмысшы топ құрылып, күнделікті жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі рейд жұмыстары ұйымдастырылуда. Онда жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, кей оқушылардың ата-аналары әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Десе де беймезгіл уақытта ата-аналары немесе заңды өкілдерінсіз оқушылардың көшеде жүруі толастамай тұр.

Ауданда жасөспірімдердің қоғамда теріс қылық жасауына жол бермеуге қатысты атқарылып жатқан шаралар легі көп. Десе де жасалған жұмыстар әлі де жеткіліксіз. Бұл сөзімізді оның нәтижесі қуаттайды.

Сессияда ауданда мемлекеттік жастар саясатының іске асырылу барысы да қаралды. Бұл жөнінде аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет баяндады.

– Ауданда жастар арасында жұмыссыздық деңгейі – 4,2 пайыз. Былтыр «Мансап» орталығына 1 341 жас жұмыс іздеуші ретінде тіркелген, оның 968-і ұлттық жобаға қатысушылар құрамына енген. Жастардың мемлекеттік бағдарламаларға қатысу белсенділігі артып келеді. Жастарды әлеуметтендіруге бағытталған, оның ішінде жұмыссыз және NEET санатындағы жастарды тарта отырып, «Tulga bol» жәрмеңкесі және «Мүмкіндіктер алаңы» кеңес беру шарасы Жалағаш кентінің орталық базарында және ауылдық округтерде өткізілді, – деді Жасұлан Ерданұлы.

Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау немесе жұмыс істеп тұрған кәсібін әрі қарай дамыту бағытында ауданда биыл 206 жоба 4809,3 млн теңгеге қаржыландырылған. Оның ішінде 80 жас кәсіпкердің жобасы 378,3 млн теңгеге қаржылай қолдау тапқан. Былтыр «Zhas Project» жобасы бойынша 2 жас дәнекерлеу мен тойларға қызмет ету жобасы жүзеге асыруға 2 млн теңге грант алған.

Айта кетейік, биыл жастарды дамыту мен қолдауға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 4 жобаны жүзеге асыруға жергілікті бюджеттен 10 млн 692 мың теңге бөлінген.

Сессияның күн тәртібінде ұсынылған мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды. Соңында аудан әкімі Ардақ Әбдіғаппарұлы атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға беріп, алдағы жұмыстарға сәттілік тіледі.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Сақтансаң, сақтайды

Қауіпсіздік шаралары түсіндірілді

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері жеке тұрғын үйлерде, оның ішінде көппәтерлі тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігін сақтау, газдан улануден сақтану бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Халықпен кездесу барысында мамандар ақауы бар электр сымдарын пайдалануға жол бермеу, көмірқышқыл газының адам өміріне қауіптілігі, жағылған пештерді бақылаусыз қалдырмау жайын да назарға салды.

Қауіпсіздік талаптарын былай қойғанда үйде негізінен балаларды да қараусыз қалдырмау керек. Бұл жөнінде тұрғын үй иелеріне арнайы газ қызметкерлерімен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, жадынамалар таратты.

Балалардың отпен ойнауына жол бермеңіз және оларды қараусыз қалдырмаңыз. Өрт болған жағдайда «101» немесе «112» телефонына хабарласыңыздар.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Аққыр ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Аққыр ауылы	Матаев Жаңабек Ұлықбекұлы	Аққыр ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі 15.00-ден 19.00-ге дейін	Аққыр ауылы Ы.Ақмырзаев көшесі №40	8(724-31)41-4-44

Брифинг

Мемлекет тарапынан денсаулық сақтау жүйесінде скрининг тексеріс енгізілген. Уақытында жүргізілген тексерулер аса ауыр ауруларды ерте кезеңде анықтауға және емдеуді бастауға көмектеседі. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте ауданның бас санитары Гүлзираш Айымбетова осылай деді.

Аурудың алдын алған абзал

Спикер ауруларды ерте сатысында анықтау және алдын алу үшін профилактикалық медициналық тексерудің маңызды екенін айтады. Яғни емханаға бір рет бару арқылы арнайы тексеру әдістерін қолдана отырып, скринингтің түріне байланысты қатерлі ісік немесе басқа да ауулардың болуының алдын аласыз немесе олардың пайда болу ықтималдығын уақытында анықтайсыз.

Басқарма басшысы журналистердің «Тексеріс қалай жүргізіледі?» деген сауалын да жауапсыз қалдырмады. Спикердің сөзінше, профилактикалық қарап-тексеру дәрігерге дейінгі, білікті және мамандандырылған кезеңдерді қамтиды. Дәрігерге дейінгі кезеңде 3 жасқа дейінгі балаларда дененің өсуі мен салмағын анықтайды, бас пен кеуде қуысының көлемін өлшейді. Ал 7 жастан бастап физикалық және психо-әлеуметтік дамуын бағалайды, қан қысымын өлшейді, көру және есту өткірлігін анықтайды, ЭКГ-ға түсіреді.

Екінші кезеңде теріні және бас терісін, шырышты қабықтарды тексереді, қалқанша без аймағын, пальпациялайды, кеуде, омыртқа, аяқ-қолдарды тексереді, тынысалу, ас қорыту жүйелерінн де тексеру жүргізіледі. Патологиялық өзгерістер анықталған жағдайда баланы бейінді маманға қосымша тексеруге жібереді. Мамандандырылған кезеңді бейінді мамандығы бар дәрігерлер жүргізеді.

– Қазіргі таңда Денсаулық сақтау министрінің алға қойған мақсаттарының бірі – халық арасында ауруды ерте анықтау және дер кезінде емдеу. Бізде №74 бұйрыққа сәйкес асқынудың алдын алу мақсатында тексерулер жүргізіледі. Скринингтік тексеру – диспансерлік есепте тұрмайтын науқастарды белгілі бір жас мөлшеріне сәйкес тексеруден өткізу. Жүректің ишемиялық ауруы, артериялық қан қысымы, қант диабеті, глаукома, сүтбезінің қатерлі ісігі, жатыр мойнының қатерлі ісігі және коллоректалді қатерлі ісік ауруларының алдын алу мақсатында скринингтік тексеру ерлер мен әйелдер арасында 30 бен 70 жас аралығында, 40 пен 70 жас және 50 мен 70 жас аралығында әрбір аурудың мөлшеріне сәйкес жүргізіледі. Соның ішінде жатыр мойнының қатерлі ісігі 4 жылда бір рет және жоғарыда атап өткен басқа дерттерге 1-2 жылда бір рет жүргізіледі. Өзіңіздің тұрғылықты мекен-жайыңыздағы емханаңызда аймақтық дәрігеріңіз және медбикеңіз арнайы жоспар құрады. Ол жоспарда әрбір науқас тегі бойынша жоспарға кіреді. Яғни сізді бірінші үш кезеңнен тұратын тексеруге шақырады. Бірінші кезең – тексеруалды кезеңі. Сізге емханаңыздан хабарласып, тексеруге шақырады. Емханаға келгеннен кейін сіздің жасыңызға сәйкес белгілі бір тексеріс түрін, мысалы, қатерлі сүт безі ісігіне тексерісті немесе ультрадыбыстық тексерулерді жүргізеді. Бұл – екінші кезең. Ал соңғы үшінші кезең – тексеріс нәтижесін ала отырып, сізді арнайы маманға жібереді. Мысалы, маммолог, онколог немесе кардиолог маманына жолдама беруі мүмкін. Осы мамандардың жіті қарауынан кейін сіздің тексеру нәтижеңізге сүйене отырып, диагноз қойылып немесе диспансерлік есепке алу туралы не сіздің денсаулық тобыңызды анықтау арқылы тексеруді аяқтайды. Бұл тексеріске жататын науқастардың барлығы – диспансерлік есепте тұрмайтын науқастар. Яғни бұл – халық арасында аурудың ерте алдын алу үшін жасалатын жұмыстардың бірі, – деді ол.

Осы ретте «Скринингте өту елдің әр азаматы үшін тегін бе?» деген сауал туындауы мүмкін. Кешегі брифингте БАҚ өкілдері осы сауалды басқарма басшысына қойды. Спикердің сөзінше, профилактикалық қарап-тексеру және скрининг бойынша медициналық көмек ТМККК және МӘМС бойынша көрсетіледі. Яғни учаскелік дәрігердің қабылдауы ТМККК шеңберінде жүргізіледі. Сондықтан бәрі ақысыз әрі сақтандырылған тұлға мәртебесі қажет емес. Алайда пациентті консультациялық-диагностикалық қызметтерге, мәселен, кардиолог, эндокринолог және офтальмологтың консультациясы, талдаулар алу, рентгеннен өту немесе қандай да басқа тексерулерден өтуге жіберу үшін тұлғаның сақтандырылған мәртебесі болу керек. Өйткені бұл қызметтер МӘМС жүйесінде көрсетіледі. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры скринингтік зерттеулерге жыл сайын қаржы бөледі екен.

Гүлзираш Айымбетова 30-39 жас аралығындағы әйелдер мінез-құлық қауіп факторларын ерте анықтау мақсатында скринингтен өтуі керектігін айтады. Шылым шегу, дұрыс тамақтанбау, дене белсенділігінің төмен болуына немесе алкогольді шамадан тыс тұтынуға байланысты пациентке салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану жөнінде ұсынымдар беріледі. Ал 40-тан 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, қант диабетін және глаукоманы ерте анықтау үшін скринингтен өтеді. Қан қысымының, холестериннің, қан глюкозасының деңгейі және дене салмағының индексі анықталады.

– 30-дан 70 жасқа дейінгі әйелдер жатыр мойны обырын ерте анықтауға тексеруден өтеді, оның ішінде ПАП-тест және тереңдетілген диагностика, яғни кольпоскопия, биопсия және гистологиялық зерттеу, бейінді мамандардың консультациясын алады. 40-тан 70 жасқа дейінгі әйелдер сүт безі обырын ерте анықтауға екі проекцияда маммографияға тексеруден өтеді. Қажет болған жағдайда тереңдетілген диагностика нысаналы маммография, сүт бездерінің УДЗ, трепанобиопсия, пункциялық немесе аспирациялық биопсия, гистология, бейінді мамандардың консультациясы жүргізіледі. 50-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдерге мокульт-тесттің көмегімен колоректалдық обырды ерте анықтау үшін тексеруден өтеді, тереңдетілген диагностика жаппай бейне колоноскопия, оның ішінде наркоз, эндоскопиялық шертпелі биопсия, гистологиялық зерттеу арқылы мамандардың консультациясын алады.

Скринингтен өтерде нені ескеру қажет? Басқарма басшысы бұл сауалымызды да жауапсыз қалдырмады. Спикер көңіл-күйіңізге, денсаулығыңызға ешқандай шағым болмаса да, скринингтен міндетті түрде өту қажет дейді. Яғни профилактика – сіздің денсаулығыңызды қорғаудың маңызды әдістерінің бірі. Әлемдегі медицина қазір дәрігерлердің, мемлекеттің ғана емес, азаматтардың өздерінің де денсаулығы үшін ортақ жауапкершілікті көтеруге шақырады. Сондықтан жасына қарай жасалатын тексерулерді өткізіп алуға болмайды.

Нұрай МЫРҚИЕВА,
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың
3 курс студенті

Сақтансаң, сақтайды

Туберкулез: 1 жылда 8,4 млн жаңа жағдай тіркеледі

Туберкулез тұрғындардың денсаулығына біршама нұқсан келтіретін әлемде ең ауқымды таралған жұқпалы аурулар қатарына жатады. 1993 жылы Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы туберкулезді жалпы қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінің глобальды мәселесі деп жариялады. Қазіргі таңда жер бетіндегі бүкіл халықтың 1/3 бөлігі туберкулез микобактериясын жұқтырған, ал жыл сайын шамамен 8,4 млн туберкулездің жаңа жағдайы тіркелсе, шамамен 2 млн адам осы аталған аурудан көз жұмады.

Ол – «туберкулез микобактериясының» адам ағзасына түсуінен дамитын жұқпалы ауру. 1882 жылы неміс ғалымы Роберт Кох туберкулез микобактериясын ашты. Бактерияны микроскоппен қарағанда иілген жұқа таяқша түрінде көрінгендіктен оны «туберкулез таяқшалары» деп атайды. Туберкулез микобактериялары қоршаған ортаның әсеріне төзімді. Олардың таралуына ең қолайлы адам денесінің температурасы болғандықтан олар адам немесе жануар ағзасында тез тарайды. Микобактериялар ағзадан тыс жерде тарай алмайды, бірақ қараңғы, жылы, дымқыл жағдайларда өздерінің өмір сүру қабілеті мен жұқпалылығын ұзақ уақыт сақтай алады.

Туберкулез бактериялары адам ағзасына әртүрлі жолдармен ене алады, сондықтан сау адамдар алдын алу мақсатында сақтану жолдарын білген жөн.

Инфекцияның негізгі таратушысы – сөйлегенде, түшкіргенде және жөтелгенде айналасына туберкулез микобактерияларын шығаратын өкпе туберкулезінің ашық түріне шалдыққан науқас адам болып табылады. Тыныс алғанда тамшылар іспеттес туберкулез микобактериясы адам өкпесіне енеді, сондықтан мұны «ауа тамшылы» шалдығу дейді. Жөтеліп жүрген ауруға шалдыққан адам қақырығын арнайы контейнерге, түкіргішке түкіріп, ұқыпты жинау керек және оны төккенде залалсыздандырып барып төгу керек. Микробтары бар шаң тозаң ауамен бірге өкпеге барып, сау адамды сырқаттауы мүмкін. Бұл «ауа тозаңды» жұқтыру деп аталады. Адамның иммунитеті мықты болса, ағзаға түскен микобактериялар дерт тудырмайды, ол жағдай ағзаның жұқтыру кезеңі деп аталады. Ауа жалпыға ортақ болғандықтан ешкім туберкулез микобактерияларын жұқтыру жағдайынан сақталмаған. Індетке шалдыққан көп адамның өкпесінде лимфа түйіндерінде және басқа да мүшелерінде қорғаныс реакциялары қалыптасады, сол себепті ауру одан әрі асқынбайды.

Індет жұқтырған адамдар дерт көзі болып табылмайды, себебі індетті жұқтыру дертке шалдығу деген сөз емес. Туберкулез микобактериялары жылдап, тіпті ондаған жылдар бойы адам ағзасында болып, зиян келтірмейтін жағдайлар да болады. Жұққан індет ағзадағы қорғаныс күштері әлсіреген жағдайда дертке ұласады. Бұған бірнеше жағдай әсер етуі мүмкін. Мәселен, күнкөріс жағдайының болмауы, жеткіліксіз тамақтану және дұрыс тамақтанбау, күйзеліске ұшырау, шылым тарту, ішімдік ішу, басқа да аурулар, АИТВ, Қан диабеті, нашақорлық. Індет жұқтырған адамдардың 5-10 пайызы ғана туберкулезге шалдығу қаупіне ұшырайды.

Негізінен бұл – күрделі әрі анықталуы қиын ауру, оның індет жұқтырған адамдардың қайсысында жетіліп-өршуін анықтау мүмкін емес. Туберкулездің өршуі немесе жетілуінің негізгі факторы – иммунитеттің нашарлауы. Оған шалдыққан жануарлар да туберкулез жұқпасының көзі болып табылады. Сондықтан сүтті шикі күйінде емес, тек қайнатып немесе пастерленгеннен кейін ішу керек. Туберкулездің құрсақіші таралу түрі сирек кездеседі. Бірақ оның тұқым қуалаушылығы дәлелденбеген.

Туберкулезге шалдыққан жағдайда көбіне өкпеге зиян келеді. Басқа мүшелерге, яғни лимфалық түйіндер, сүйек пен буындар, кеңірдек тарамы, бүйрек, ішек, ми, көзге зиян келтіру жағдайлары сирек кездеседі. Тұрғындардың барлығы туберкулез белгілері жайлы толық хабардар болулары керек және сол белгілер пайда болған жағдайда,денсаулығын тексеру мақсатында емханаға қаралуы керек. Жалпы 2 аптадан аса жөтелу, әлсіреу, тез шаршау, тәбеттің нашарлауы, салмақ жоғалту, кеуде клеткаларының ауруы, қан түкіру, ұзақ уақыт дене қызуының көтерілуі, тершеңдік бұ дерттің негізгі белгілері екенін біле жүріңіз. Осы белгілердің біреуін немесе бірнешеуін өз бойыңыздан байқасаңыз дереу дәрігерге қаралу керек, егер жөтел пайда болса, қақырық сараптамасын тапсыру қажет.

Жалпы бұл дертке шалдыққандарға ем шаралары тегін жүргізіледі. Жұқпалы науқастар стационарда емделеді, ал ауаға микобактериялар бөлмейтін науқастар амбулаториялық жолмен міндетті түрде дәрігердің бақылауымен емделеді. Дәрілерді амбулаториялық қабылдау кезінде ауруды ұялы телефон, планшет және мобильдік қосымшалардың көмегімен қадағалайтын жаңа технологиялар қолданылуда. Қазіргі уақытта емнің тиімділігін арттыратын туберкулезге қарсы дәрілер шығарылды.

Індеттен толық айығу үшін ең бастысы туберкулез микобактериясына қарсы дәрілерді ем курсы аяқталғанша үздіксіз қабылдау керек. Науқас өздігінен емделуі және емшілерден халық емін алуы індеттің кеш анықталуына, оның емделуінің ұзаққа созылуына, жақын жандарына жұқтыруына және қиын жағдайларға алып келетінін есте сақтаған жөн.

Туберкулездің алдын алу, дертке шалдықпау адамның өз қолында. Иммунитетті, яғни ағзамыздағы қорғаныс қабілетімізді сақтап, күнделікті өмірдегі қарапайым қағидаларды орындауымыз керек. Яғни салауатты өмір салтын сақтап, спортпен шұғылданып, толық тамақтану керек. Сонымен қатар гигиена сақтап, шылым тартудан, ішімдіктен, наркотикалық заттардан аулақ болған жөн. Таза ауада көп жүру, бөлмені жүйелі түрде желдету де маңызды. Егер сіздің деніңіз сау, бірақ науқаспен тығыз байланыста болсаңыз, науқас толық емделіп, диспансерлік есептен шығарылғанға дейін жыл сайынғы тексерілуден өтіп тұрғаныңыз жөн. Медициналық тексеруден үнемі өтіп тұру керек, соның ішінде флюорографиялық тексеруден міндетті түрде жыл сайын өтуді ұмытпаңыз. Егер дер кезінде анықталса, туберкулезден толық жазылуға болатынын есте сақтаңыз.

Р.АХЕТОВА,
аймақтық фтизиатр дәрігер

ЖОБА

«Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы №177 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы №177 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеутізілімінде №5137 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі **А.Ибраимов**

КЕЛІСІЛДІ:

«Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен

Жалағаш ауданы әкімдігінің
2024 жылғы «__»_____
№___ қаулысына қосымша

Жалағаш ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 24 тамыздағы
№177 қаулысына қосымша

Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесі

№	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзындығы, километр
1	KND-1	Р-33 Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент-Ақсу	2,33
2	KND-2	Р-33 Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент-Бұқарбай батыр	6,328
3	KND-3	М-32 Самара-Шымкент-Мәдениет-Т.Жүргенов-Жаңаталап-Ақкыр	52,59
4	KND-4	М-32 Самара-Шымкент-Еңбек-Есет батыр-Жаңадария	37,396
5	KND-5	М-32 Самара-Шымкент-Таң	3,3
6	KND-6	Жаңақоныс елді мекеніне кіре беріс жол	0,997
7	KND-7	KN-2 Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш-Қаракеткен	2,575
8	KND-8	KN-2 Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш-М.Шәменов	1,3
9	KND-9	Мырзабай ахун елді мекеніне кіре беріс жол	4,007
10	KND-10	Жалағаш кентіне кіре беріс жол	0,9
11	KND-11	Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбай кәлпе	2,3
12	KND-12	Самара-Шымкент-Мырзабай ахун	0,68
13	KND-13	Ақкұм елді мекенінен ипподромға кіре беріс жол	2,6
14	KND-14	Жосалы-Жалағаш-М.Шәменов-Мәмбет әулие	0,2
15	KND-15	Жаңақоныс-Таң	3,728
		Барлығы	**121,231**

ПРОЕКТ

О внесении изменения в постановление акимата Жалагашского района Кызылординской области от 24 августа 2015 года № 177 «Об утверждении перечня автомобильных дорог районного значения»

Акимат Жалагашского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата Жалагашского района Кызылординской области от 24 августа 2015 года № 177 «Об утверждении перечня автомобильных дорог районного значения» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 5137) следующее изменение:

приложение к указанному постановлению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Жалагашского района **А.Ибраимов**

СОГЛАСОВАНО:

Коммунальным государственным учреждением «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Кызылординской области»

Приложение к постановлению
акимата Жалагашского района
от «__»_____2024 года №___

Приложение к постановлению
акимата Жалагашского района
от 24 августа 2015 года № 177

Перечень автомобильных дорог районного значения

№	Индекс автомобильных дорог	Наименование автомобильных дорог	Общая протяженность, километр
1	KND-1	Р-33 Кызылорда-Жалагаш-Самара-Шымкент-Аксу	2,33
2	KND-2	Р-33 Кызылорда-Жалагаш-Самара-Шымкент-Букарбай батыр	6,328
3	KND-3	М-32 Самара-Шымкент-Мадениет-Т. Жургенов-Жанаталап-Аккыр	52,59
4	KND-4	М-32 Самара-Шымкент-Енбек-Есет батыр-Жанадария	37,396
5	KND-5	М-32 Самара-Шымкент-Тан	3,3
6	KND-6	Подъездная дорога к населенному пункту Жанаконыс	0,997
7	KND-7	KN-2 Самара-Шымкент-Жосалы-Жалагаш-Каракеткен	2,575
8	KND-8	KN-2 Самара-Шымкент-Жосалы-Жалагаш-М.Шаменов	1,3
9	KND-9	Подъездная дорога к населенному пункту Мырзабай ахун	4,007
10	KND-10	Подъездная дорога к поселку Жалагаш	0,9
11	KND-11	Кызылорда-Жалагаш-Аксу-Беркимбай калпе	2,3
12	KND-12	Самара-Шымкент-Мырзабай ахун	0,68
13	KND-13	Подъездная дорога к ипподрому от населенного пункта Аккум	2,6
14	KND-14	Жосалы-Жалагаш-М.Шаменов-Мамбет аулие	0,2
15	KND-15	Жанаконыс-Тан	3,728
		Итого	**121,231**

Терроризм адамзатқа қауіп төндіреді

Бүгінде теледидар немесе ұялы телефон арқылы жаңалық қарай қалсаң, әлемнің әр тұсында орын алып жатқан қылмыстан денең түршігеді. «Белгісіз бір азамат ғимаратты жарып жіберді, халыққа оқ жаудырды» сынды оқиғалар әлемді үрейде ұстап отыр. Иә, қазіргі таңда террорлық ұйымдардың астыртын іс-әрекеті жекелеген мемлекеттерді ғана емес, тұтас әлемді қатты алаңдатып отыр. Өйткені олардың ауыр зардаптарға соқтыратын, қайғы-қасірет әкелетін зұлымдық әрекеттерінен бірде-бір мемлекет өзін сақтандыра алмайтыны жасырын емес. Кешегі Мәскеудегі «Крокус сити холл» концерттік залда орын алған жан түршігерлік ланкестік әрекет соның дәлелі десек болады.

Мәскеудегі теракт

Иә, Мәскеудегі ұйымдастырылған ланкестік оқиға туралы бүгінде әлем бойынша жазбаған ақпарат құралы кемдекем шығар. Нақтырақ айтсақ, 22 наурыз күні Мәскеу тыныштығын «Крокус Сити Холлда» болған атыс бұзды. Ресей тергеу комитетінің соңғы ақпараты бойынша, теракт салдарынан 143 адам қаза тапқан. Қазіргі уақытта құрбан болған 84 адамның денесі анықталған, оның ішінде 9 бен 16 жас аралығында 5 бала бар. Қаза тапқандар арасында шетелдіктер де, атап айтқанда Армения, Беларусь және Молдова азаматтары да бар екен

Иә, «Ланкестік әрекетті кім жасады, не үшін?» деген сұраққа жауап табу қиынға соғып жатқандай. Eurasia-today-дің хабарлауынша, Ресей Украинамен ресғысып жатқандықтан «бірқатар ресейлік саясаткер ланкестік әрекеттің артында Киев күштері тұрған болуы мүмкін» деген мәлімдеме жасапты. Бұл мәлімдемеге байланысты Киев оқиғаға еш қатысы жоғын айтып ақталуда. АҚШ та Мәскеудегі атысқа Украинаның қатысы жоғын мәлімдеп отыр.

Ал «CBS» және «New York Times» басылымдары Мәскеудегі шабуылға ДАИШ ланкестік тобының қатысы бары жөнінде хабарлаған. «The Guardian» сарапшылары Мәскеудегі ланкестіктің артында шынымен ДАИШ тұрса, онда бұл бүкіл Орталық Азия үшін қауіпті екенін ескертеді. «The Guardian» сарапшысы Эндрю Рот Иранда бірнеше ланкестік акт ұйымдастырған ДАИШ содырларының «Крокус Сити Холлға» шабуылы ланкестердің енді Ресейге шоғырланып жатқанын білдіретінін айтады. Оның айтуынша, ДАИШ ұйымы 2017 жылы Санкт-Петербург метросындағы жарылыс сияқты Ресейде болған басқа да бірнеше ланкестік әрекетке жауапты болған.

Сондай-ақ «The Guardian» басылымы АҚШ барлау органдары наурыз айының басында Мәскеуді Ауғанстанда ДАИШ белсенділігі артқанын және содырлардың жаңа шабуылдарды дайындап жатқаны жөнінде ескерту жасалғанына тоқталып, Ресейдің одақтасы саналатын Орталық Азия елдеріне де қамдану қажеттігін айтады.

АҚШ Орталық қолбасшылығының қолбасшысы генерал Майкл Курилланың айтуынша, ДАИШ пен одақтастары Ауғанстан мен оның сыртында желілерін дамытуда. Майкл Курилла ланкестік топтың шетелдегі күші мен қауқарын олардың Иранға жасаған шабуылынан көруге болатынын мәлімдеді. Мұсылман ғалымдарының дүниежүзілік одақ Бас хатшысы Әли Мухиддин әл-Карадагидің пайымдауынша, Мәскеудегі ланкестік халықаралық қоғамдастық назарын Газа секторындағы мәселеден алшақтату мақсатында жасалған.

Бір қызығы, АҚШ-тың Ресейдегі елшілігінің ағылшын тіліндегі хабарламасында ланкестердің жақын арада Мәскеудегі үлкен іс-шараларда шабуыл жасауды жоспарлап отырғаны ескертілген. Алайда сайттың орыс тіліндегі нұсқасында мұндай ескерту болмаған. Артынша Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Германия, Канада, Швеция елдері де өз азаматтарына ланкестік әрекет туралы ескерту жасаған. Қазіргі таңда Ақ үй Мәскеу түбіндегі «Крокус Сити Холлда» болған ланкестік пен Вашингтонның наурыз айының басында жариялаған ескертуімен қаншалықты байланысты екенін саралауда. Қалай болғанда да Мәскеуде жан түршігерлік ланкестік оқиға болғаны жасырын емес.

Осы ретте Ресей Президенті Владимир Путин АҚШ және басқа да батыс елдерінің ланкестік оқиға орын алуы жөніндегі мәлімдемесін «қорқыту, арандату үшін жасалып отырған әрекет» деп айыптауда.

Өткен аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бейбіт тұрғындарға қатысты Мәскеуде болған зорлық-зомбылық әрекетті айыптай отырып, терроризмге қарсы күресте Қазақстанның Ресеймен бірге екенін растады.

Адамзатқа қарсы қылмыс

Бірінші «Терроризм, экстремизм және радикализм деген не?» деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Терроризмнің анықтамасы, әсіресе экстремизмге қарағанда анағұрлым кең ауқымды қамтиды. Дегенмен олардың арасында ортақ нәрселер де жоқ емес. Терроризм – бүкіл адамзатқа қарсы қылмыс. Оның атауы латынның «террор» – үрей, қорқыныш деген сөзінен шыққан. Ол түрлі бейнеде көрініс табуы мүмкін. Терроризм – күш көрсету идеологиясы және халықтың зәресін алу мен зорлық-зомбылық жасау, сондай-ақ іс-әрекеттердің басқа да пішіндері арқылы билік органдарының шешім қабылдауына ықпал ету. Бұл – мыңдаған қарапайым азаматтың өмірін жалмайтын, сөйтіп бүкіл елді үркітетін жарылыстар. Бұл – ядролық, химиялық немесе биологиялық қару қолдану қатері. Оның діни тұрткілері де болуы ықтимал, олар әртүрлі діни сенімдегі адамдардың арасына зорлық-зомбылық пен шектен тыс төзімсіздік уәждерін таратудан байқалады.

Ал экстремизмнің анықтамасы біршама екіұштылау. Дегенмен экстремизмге жекелеген адамдардың, топтардың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қарсы бағытталған шетін көзқарастар мен іс-әрекетке бару деген анықтама беруге болады. Зорлық-зомбылыққа, бейбастақ іс-әрекет пен тәртіпсіздіктерге шақыру азаматтардың құқықтарына, олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді, осының бәрі экстремизм қатарына жатады.

Терроризм, ланкестік әрекеттер бір күнде пайда болған жоқ. Ол қай заманда да түрлі сипатта бар болатын. Бірақ қазіргі ғылым мен техниканың, ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуына орай ауқымы, қоғамдық санаға ықпалы бірнеше есе өсіп, ұлғайып кетті. Міне, әлемдік қоғамдастық осыдан үрейленеді.

Бельгиядағы, Париждегі, Ресейдегі (Бес-ландағы мектепті басып алған кезде кепілдікке 1 128 адам алынды, 334 адам қаза тапты) ланкестік оқиғалар осының дәлелі. 2000 жылы Мәскеуде Пушкин алаңының астындағы жерасты өткелінде террорлық акт жасалды. Онда 13 адам өліп, 60-қа жуық адам жараланды. Яғни терроризм халықты құрбандыққа шалуымен қауіпті.

2011 жылы 11 қыркүйектегі теракті дейін де әлем елдерінде түрлі ланкестік әрекеттерден адамдар ондап, жүздеп қаза тапқан болатын. Ал АҚШ-та үш мың адам бірден ажал құшқан кезде барып адамзаттың терроризмге деген көзқарасы күрт өзгерген. Қазір терроризмнен қатты зардап шеккен ел АҚШ саналады. Одан кейін Ресей, Үндістан, Израиль, Колумбия, Ирак, Алжир, Пәкістан, Уганда, Шри-Ланкада да талай адам қаза тапқан.

Терроризм мен экстремизм көріністері жиі кездесетін елдердің де тізімі бар. Тізімді Ирак, Пәкістан және Иран елдері бастап тұр. Ал 2002-2011 жылдары жасалған террорлық әрекеттердің 35 пайызы Ирак пен Ауғанстан мемлекеттерінің аумағында жүзеге асырылған. Мәліметтерге қарағанда террористік шабуылдар 2006-2007 жылдары «шарықтау шегіне» жетіп, жиі көрініс берген. Одан кейінгі жылдары оның төмендеуі байқалады, бірақ терроризмнің қауіп-қатері жоғары деп бағаланған.

1 айда 4 ланкестік актісі орын алған

Әлемде биыл 20-27 ақпан аралығында 4 терроризм актісі орын алған. Нақтырақ тоқталсақ, 21 ақпанда Филиппинде Мунай қаласының маңындағы орманды жерде «ИГИЛ» содырлары шабуыл жасаған кезде (ұйымның қызметіне ҚР аумағында тыйым салынған) Солтүстік Ланао провинциясында 6 әскери қызметші қаза тауып, тағы 4 адам жарақат алды. 22 ақпанда Маале-Адумим мен Иерусалим арасындағы 1-ші жолда, Зейтим айырбасы мен А-Заим бақылау-өткізу пункті арасында атыс қаруымен шабуыл жасалған, 1 адам қаза тауып, 10 адам зардап шеккен. Үш террорист атып өлтірілген.

23 ақпанда Сирияның Джабб Әл-Жаррах ауданындағы Хомс провинциясының шығысында 5 бейбіт тұрғын «ИГИЛ» террористерінің шабуылынан қаза тапты. 24 ақпанда Үндістанның солтүстік-шығысындағы Манипур штатының астанасы Импхал қаласындағы университет аумағында қолдан жасалған құрылғы жарылған кезде бір адам ауруханада жарақатынан қайтыс болды, екіншісі ауыр жағдайда.

Арандатушылық үдеп барады

Адам қорқатын үрейлі сөздерді жайдан-жай келтіріп отырған жоқпыз. Шыны керек, сарапшылар терроризм жаһандық мәселе екенін, яғни жыл өткен сайын ол халықаралық сипат алып бара жатқанын айтып дабыл қағуда. Мұсылман халықтары өмір сүріп жатқан Таяу Шығыс пен Орталық Азияда елдердің ішкі саяси жағдайын тұрақсыздандыруға мүдделі сыртқы күштер де, жекелеген мемлекеттер де бар екені айтпасақ та белгілі. Мысалы, бұған сол елдердегі саяси элитаның қылмысқа бой алдыруы, халықтың мәдениеті мен білім деңгейінің төмендігі, діни фанатизмге бой алдыруы, тұрғындардың белгілі бір бөлігінің маргиналдануы, ұлтаралық және конфессияаралық қарсылықтың көрініс беру мүмкіндігі, саяси жетекшілердің бұрынғы және қазіргі кезде жіберген қателіктерінен туындайтын сепаратистік көзқарастың таралуы, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің террористік және қылмыстық топтармен күрес жүргізудегі кәсіби деңгейінің төмендігі, шенеуніктер арасындағы, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері арасындағы жемқорлық, көші-қон тасқынына бақылау жасаудың әлсіздігі, жастарға рухани-танымдық тәрбие беруді ұйымдастырудағы кемшіліктер және ұйымдасқан қылмыстың өсуі жатады.

Қауіпсіздік қаперде ме?

Ресейдегі терактіден кейін көптеген ел өз қауіпсіздіктерін күшейте бастады. Мысалы, Франция террор қаупінің деңгейі жоғары деп мәлімдеп, қоғамдық орындарда әскерилер мен полиция қызметкерлерінің санын арттырды.

Біздің елде де қауіпсіздік мәселесі өзекті тақырыпқа айналды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Крокустағы» оқиғадан кейін елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын арттыруды тапсырды және терроризммен күресте өзге елдермен байланыста болу керектігін атап өтті.

Халық қалаулылары да бұл мәселеге алаңдаушылық танытып отыр. Мәжіліс отырысында депутат Айдос Сарым салынып жатқан мәдени-спорттық нысандардың қауіпсіздігін қадағалау керектігін, мәдени шаралар өткізілгенде ұйымдастырушылар құқық қорғау және жедел көмек көрсету орындарымен байланыста болуы тиіс екенін мәлімдеп, Үкіметке сауал жолдады. Бұдан бөлек депутат елдегі мәдени-спорттық шаралар өткізілетін орындарды террорлық акті, өрт қауіпсіздігі сияқты басқа да қауіп-қатерге қарсы қаншалықты жасақталғанын анықтау қажет дейді.

Билік өкілдерімен қатар қарапайым халықтың да үрейленіп қалғаны жасырын емес. Сенат кулуарында журналистер Ішкі істер министрінің орынбасарынан «Мәскеудегі қайғылы жағдай Қазақстанда қайталануы мүмкін бе, бола қалса, қалай әрекет ету керек?» деп сұрады.

Игорь Лепеханың айтуынша, аумағы 500 шаршы метрден асатын сауда орталықтары, концерт залдар, білім беру, денсаулық сақтау мекемелері ланкестік әрекет болуы ықтимал нысандарға жатады. Бұл нысандарға жауапты органдармен қосымша тексеру жүргізіп жатыр. Сонымен қатар министр жыл басынан бері дактилоскопия іске қосылғанын атап өтті.

Нақтырақ тоқталсам, қаңтардан бастап елге кіретін шетелдіктердің бәрінен саусақ таңбасы алынып жатыр. Жыл басынан бері осы дактилоскопия арқасында елге кірмек болған 10 қылмыскер құрықталған. Әрине терракт орын алмасын деп тілейміз, десе де бола қалған жағдайда вице-министрдің айтуынша, халық қазір қалай әрекет ету керегін білуі қажет.

– Бірінші ретте байбаламға салынбау, мүмкіндігінше тығылып қалуға, сол жерден кетіп қалуға тырысу қажет. Құзіретің болмаса, қаһарман болудың қажеті жоқ. Қазір біз «Крокуста» не болғаның, қалай болғанын қарап, талдап жатырмыз. Ұсыныстарға келер болсақ, мәселен, мектептерде Оқуағарту министрлігімен бірлесіп, мұғалім сынылпты іштен жауып алу керек, сыртқа шықпауы керек, терезеден алыс болу қажет деген сынды ұсыныстар әзірледік. Мүмкіндігінше дүрбелең тудырмай ғимараттан шыққан абзал, – дейді Ішкі істер вице-министрі.

Түйін: Тәуелсіз елімізді Ата Заңның негізінде көздің қарашығындай қорғау, ел тыныштығын сақтау әрбір қазақстандықтың азаматтық борышы екенін естен шығармағанымыз жөн. Іргесі бекем халықтың түтіні түзу ұшады, байрағы биіктен көрінеді. Өйткені күш біріктірген кезде ғана қауіптің алдын алуға болатынын түсінетін уақыт жетті.

Жандос ЖАЗКЕН

Түркі әлемінің астанасы Анау туралы не білеміз?

Анау қаласы – Түрікменстандағы Ахал уалаятының орталығы. Ашхабадқа жақын жерде орналасқан. Қала мәртебесін 2008 жылы алды. Халқының саны 30 мыңға жуық. Бүгінде бұл – инфрақұрылымы дамыған, қарқынды өркендеп келе жатқан заманауи қала. Анаудың тарихы 7 мың жылдан асады. Қазіргі қалаға жақын жерде Анау мәдениетіне жататын көне қоныстардың қирандылары бар. Шамамен бұл өркениет біздің дәуірімізге дейінгі V-I мың жылдарда болған. Шумер өркениетінің замандасы.

Анау мәдениеті туралы алғаш рет 1904 жылы американдық археолог Рафаэль Пумпелли саяхат жазбаларын жариялаған, ол Түрікменстанның оңтүстігіндегі шөл даладан көне қоныстардың қалдықтарын көреді. Толық ауқымды қазба жұмыстары Кеңес археологтері таңғажайып жаңалық ашқан 1970 жылдары ғана басталды. Сол тұста бұл қирандылар жай қоныс емес, 161 шақырым аумақта шашыраңқы жатқан бірнеше елді мекен жүйесі болғаны анықталды.

Елді мекендердің ішіндегі барлық ғимарат бір-бірінен бірнеше метр қашықта орналасқан және ұзындығы 100-150 метр шағын бөлмелерден тұрған. Ғимараттардың қалдықтары мен табылған тұрмыстық заттар Анау өркениетінің ежелгі дәуірде Орталық Азиядағы ең дамыған өркениеттердің бірі болғанын көрсетеді. Елді мекен аумағынан қыш және қыш ыдыстар, сүйек түтіктер, пышақтар мен құс тәріздес сабы бар балталар табылды. Бұл жәдігерлердің барлығы дүние жүзіндегі түрлі музейлерде, соның ішінде Анау қаласының мұражайында сақтаулы. Кейбір жақсы сақталған үйлердің қабырғаларынан әлі күнге дейін қиғаш көзді адамдардың, сондай-ақ әртүрлі әшекейлердің жартылай өшкен суреттерін көруге болады.

Кейбір археологиялық деректерге сүйенсек, Анау өркениетін біздің дәуірімізге дейінгі 2 мыңжылдықтың аяғында Орталық Азия аймағына келген көшпенділер қиратқан. Бірақ ежелгі дәуірде (б.з.б. III ғасыр) салынған Анау бекінісі бүгінге дейін сақталған. Бұл – 10 метрлік төбеде көтерілген біркелкі шеңбер. Бекіністің диаметрі – шамамен 300 м, оның айналасында мұнаралы қабырғалардың қалдықтары, сондай-ақ ғасырлар бойы толып қалған шұңқыр бар.

Бекіністен ертеректе табылған заттар Анаудың Парфиядан шыққанын көрсетеді. VII-XII ғасырларда бекініс арабтардың қолында болды, содан кейін моңғолдар қиратты, бірақ XIII ғасырдың аяғында қайтадан қалпына келтірілді. Орта ғасырларда бекініс шағын қалаға айналды.

Осы уақытқа дейін бірнеше көне ғимарат қана сақталған, олардың ішіндегі ең танымалы – Сейид Джемалитдин мешіті. Ол XV ғасырда салынған, бірақ 1948 жылғы Ашхабад жер сілкінісінен қатты зақымдалып, бүгінгі күні оның қалпына келтірілген қалдықтары ғана тұр. Дегенмен мешіт өзінің маңызын сақтап қалды және әлі туристерді де, зерттеушілерді де айтарлықтай қызықтырады. Бұған дейін мешіт кешені мешіттің өзінен, шейх Джемалиддин зираты мен биік күмбезді залдары бар екі үлкен ғимараттан тұратын. Реставраторлар кешеннің іргетасын, алаңдағы кірпішті және қабірді қалпына келтіре алды. Бірақ олардың басты табысы – алма ағашы бұтақтарымен бірге бұратылған айдаһардың қалпына келтірілген мозаикасы және мешіттің «Сұлулық үйі» деп аталғаны туралы жазу. Айдаһар бейнесі мешіттерге тән емес және бұл картинаның Орталық Азияда баламасы жоқ. Мұндай ерекше суреттің пайда болу себебі зерттеушілерді көптен бері толғандырады. Сюжеттің ең нанымды түсіндірмесін атақты археолог және өнертанушы Галина Пугаченкова берген. Ол айдаһар «XV ғасырда Анау ауданын мекендеген негізгі түркімен тайпасының тотемі» деп есептеді. Әрине мешітте сары айдаһардың пайда болуын өзінше түсіндіретін әдемі аңыз да бар. Оған сай бір кездері ауыл тұрғындары айдаһарды өлімнен құтқарып қалған, сол үшін сыйға алтын алған, сөйтіп олар мешітте айдаһар суретін салған. Міне, содан бері айдаһар ауылдың тотеміне айналып, тұрғындар оған табынып, аңызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады.

Айта кетсек, былтыр желтоқсанда Әзербайжанның Шуша қаласында Анау қаласы Түркі әлемінің 2024 жылғы мәдени астанасы (ТҮРКСОЙ) ретінде салтанатты түрде жарияланды. Ашхабадта Анау қаласының 2024 жылғы түркі әлемінің мәдени астанасы болып жариялануына байланысты іс-шаралар басталды. Ашылу салтанаты «Новруз Яйласы» алаңындағы концерт залында өтті.

Алтынай МҰРАТ,
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың 3 курс студенті



Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 500

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ